**Ғылыми- зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүргізу туралы**
**КЕЛІСІМ-ШАРТ № 24/5238**

**Түркістан қаласы** «04» 10 2024 жыл

Бір жағынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің атынан университет ректоры Темірбекова Жанар Амангелдіқызы (әрі қарай «Университет»), екінші жағынан Жарғы негізінде әрекет ететін «Рухани мұра» халықаралық қоғамдық қорының атқарушы директоры С.Қ.Оразбай (әрі қарай «Мекеме») өкілеттілігімен төмендегідей өзара келісім-шартқа отырды.

## 1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

1. Келісім-шарт мәтіні бойынша Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы «Ясауитану» бағытындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүргізуді орындайды.
Жоба тақырыбы: ««Қожа Ахмет Ясауи энциклопедиясы»
2. Жұмыстың негізгі этаптарының орындалу мерзімдері мен мазмұны күнтізбелік жоспармен бекітіледі.
3. Төменде тізімделген құжаттар мен ішіндегі тармақтар осы келісім-шартты құрайды және құрамдас бөлігі болып табылады.
1) Келісім-шарт
2) Техникалық спецификация
3) Күнтізбелік жоспар

## 2. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ӨНІМНІҢ БІЛІКТІЛІК ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША МІНЕЗДЕМЕСІ

1. Бағыты: «Ясауитану»
2. Қолдану алаңы: 7M02266 – Теология, 7M02211 – Дінтану Білім беру бағдарламаларының бағыттары бойынша магистранттардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын жүргізу.
3. Қорытынды нәтиже: «Қожа Ахмет Ясауи энциклопедиясы» - Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен шығармашылығына қатысты отандық және шетелдік ғылыми зерттеулер негізінде жинақталған материалдарды жүйелеу және сараптау арқылы салааралық, пәнаралық және кешенді платформада қалыптасатын еңбек. Сондықтан алдымен, Қ.А. Ясауиге қатысты архив қорлары мен кітапханалардағы сирек қолжазбалар, отбасылық шежіре-насабнамалар, ел аузындағы фольклорлық жаңа мәліметтер, тарихи трактаттар мен тың зерттеулерді жүйелей отырып, мәтіндерге транскрипция жасалады, сосын жинақталған материалдарға біртұтас тақырыптық және альфавиттік негізде, ғылыми сараптама жасалады.
4. Патентке қабілеттілік: қабілетті емес.
5. Ғылыми-техникалық жаңалығы: Қожа Ахмет Ясауи мұрасы, тұлғасы мен қызметі, шәкірттері және олардың Ясауи туралы жазған трактаттары, хикмет дәстүрі, қазақ даласындағы, жалпы түркі әлеміндегі хикмет дәстүрін жалғастырушы шайырлар, ахундтар, ишандар, Ясауи есімімен байланысты тарихи ескерткіштерді толық қамтитын, ғылыми тұрғыдан негізделген тұлғалық, салалық, діни, мәдениеттанулық энциклопедия дайындау арқылы Ахмет Ясауи университеті магистранттарының ғылыми зерттеулерінің әлеуетін арттыруға бағытталады.
6. Ғылыми-техникалық өнімнің қолданылуы тапсырыс беруші мен орындаушы тарапынан қолданылады.
7. Ғылыми-техникалық өнімнің қолданылу түрлері: макала, оқу құралы, оқулық, энциклопедиялық жинақ.

## 3. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ

1. Келісім-шарттың жалпы құны барлық бюджеттік төлемдерді коса есептегенде 200 000 (екі жүз) мың теңгені құрайды.
2. Орындаушының жұмыстарын тапсырыс беруші тарапынан төленуі келесі жолмен жүргізіледі: күнтізбелік жоспарға қарай орындалған ғылыми жұмыстың нәтижелерінің сапасына карай.
3. Қаржыландыру көзі: тапсырыс беруші қоры.

## 4.ЖҰМЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ МЕН ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

1. Жұмысқа қатысты ғылыми, техникалық және басқада құжаттар ҚР Ғылыми-техникалық зерттеулерді жүргізу нормативтік құжат талаптарына сай орындалады.
2. Жұмыстарды өткізу Өткізу-қабылдау актісі мен аннотациялық құжаттамасы негізінде жүргізіледі.
3. Орындаушы Тапсырыс берушіге жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы жылдық есептерді әр жылдың соңына яғни 31 желтоқсанына дейін беруге міндеттеледі.
4. Алдын ала бітірген жағдайда тапсырыс беруші өз қалауы бойынша алдын ала төлем жасай алады.
5. Жұмыс жүргізу белгілі бір жағымсыз себептерден мүмкін болмаған жағдайда, орындаушы жұмыс тоқтатылған күннен бастап 5 күн ішінде жұмыстың тоқтатылғандығы жөнінде тапсырыс берушіні жазбаша түрде хабардар ету қажет. Бұл жағдай екі тарапқа қатысты қолданыла алады. Бұндай жағдайда екі жақ кездесіп, жұмыстың алға жылжу жолдарын қарастыру қажет.

## 5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Тараптар өздеріне жүктелген міндеттемелерін орындауға құқылы.
2. Өз міндеттерін орындамаған тараптар жағдайы ҚР бекітілген заңнамалары негізінде міндеттеледі.
3. Орындаушы тарапынан жұмыстар уақытылы орындалмаған немесе сапасыз орындалған жағдайда тапсырыс беруші орындаушыдан келісім-шарт құнының 0,1 пайызын талап етуге құқылы.
4. Орындаушы тарапынан жұмыстар уақытылы орындалмаған немесе сапасыз орындалған жағдайда тапсырыс беруші тарапынан кез келген уақытта жұмыстарды тоқтатуға құқылы.

## 6. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

1. Осы келісім-шарт 2 данада жасалады, әрқайсысы заңдық күшке ие, Тараптарға бір-бірден беріледі.
2. Осы келісім-шартта көрсетілген барлық мәселелер бойынша тараптардың толық келісімін көрсетеді.
3. Осы келісім-шарттан туындаған даулар мен шағымдарды Тараптар келіссөздер арқылы шешеді.
4. Осы келісім-шарт Тараптар қол қойып, тіркелген сәттен бастап күшіне енеді және «31» желтоқсан 2029 жылға дейін қолданыста болады.
5. Үшінші жақтың барлық шағымдарына Орындаушы тарап жауапты болып табылады.

## 7.ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТІК РЕКВИЗИТТЕРІ

**Университет**
161200, Түркістан облысы,
Түркістан қаласы
Б.Саттарханов даңғылы, 29

ИИК KZ4360100291000010707
БИК HSBKKZKX
Қазақстан Халық банкі АҚ
Кбе 16, БИН 990440008043
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-ң
ректоры ____________ Ж.А.Темірбекова

Заң бөлімінің басшысы
Г.А.Мусаханов

**Мекеме**
161200, Түркістан облысы,
Түркістан қаласы
Аликен хан көшесі, 12

ИИК KZ626017291000007396
БИН 100940009363
БИК HSBKKZKX
«Қазақстан халық банкі» АҚ

____________ С.Қ.Оразбай

**Ғылыми-зерттеу жұмысының техникалық спецификациясы**

**«04» 10 2024 ж. күнгі келісім-шарт №24/5238**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, мемлекеттік мекемесі

| Жоба тақырыбының атауы | 2024-2028 жж. арналған міндеттер | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|
| «Қожа Ахмет Йасауи энциклопедиясы» | 1) Қожа Ахмет Ясауи феноменіне қатысты сопылық тіркестер, топонимдер, тұлғалар, әдеби, фольклорлық, музыкалық жанрлар, діни ағымдық мектептер, мифтік, дүниетанымдық, болмыстық, аксиологиялық, культурологиялық, антропологиялық ұғымдар мен категориялардың тізбегін анықтау;<br>2) Қолжазбалар мен ортағасырлық трактаттардағы «хәл» іліміне қатысты кешенді ұғымдар, теориялар, тұжырымдамалар, ұстанымдар мен идеялардың дінге қатысты, сонымен қатар өркениетке, философияға тән қабаттарын жіктеу;<br>3) Отандық және шетелдік архив пен кітапхана қорларындағы Қ.А.Ясауи феноменіне қатысты деректер, қолжазбалар, зерттеу жұмыстары каталогы мен көшірмелерін жинақтау және арнайы база қалыптастыру;<br>4) «Қожа Ахмет Ясауи энциклопедиясына» дайындық үшін әлемдегі, отандық энциклопедиялық жинақтарды талдау, сараптау, салыстыру жұмыстарын ұйымдастыру,<br>5) Қожа Ахмет Ясауидің тарихи және рухани тұлғалығын жаңаша зерделеу үшін бүгінгі ғылыми таным салалары бойынша пәнаралық және тақырыптық жіктеу жасалып, біртұтас кешенді, салыстырмалы сараптау жұмыстарын жүргізу;<br>6) Нәтижесінде «Қожа Ахмет Ясауи энциклопедиясы» атты заманауи сұранысқа ие, құндылық ретінде бүгінгі «Жаңа Қазақстан» қоғамының рухани және діни тұрақтылығы мен баяндылығына, мәдени, ұлттық-болмыстық бірегейлігі мен бағдарына оң ықпал жасайтындай, бүгінгі орта және жоғары білім беру салалары мен ғылыми таным талаптарын қанағаттандыратын энциклопедия дайындау. | Қожа Ахмет Ясауи тарихта түркі әлемінің ұстазы деген атаққа ие болған ортақ рухани тұлға болғанымен әлі де танылмай, ашылмай жатқан қырлары көп. Мысалы әлі күнге дейін ұлы ойшылымыздың қай жылы туғаны туралы нақты дерек жоқ. Ұсынылып отырған жоба аясында Қожа Ахмет Ясауидің түркі әлеміне ортақ рухани тұлға ретіндегі тарихи рөлі ғылыми зерделеніп, қазақ мәдениеті мен тарихына, түркі өркениетіне қосқан үлесі ашып көрсетілетін болады. Зерттеу нәтижесінде «Қожа Ахмет Ясауи энциклопедиясы» дайындалады. |

**Университет**

161200, Түркістан облысы,
Түркістан қаласы
Б.Саттарханов даңғылы, 29

ИИК KZ436010029100001O707
БИК HSBKKZKX
Қазақстан Халық банкі АҚ
Кбе 16. БИН 990440008043
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-ң
ректоры ____________ Ж.А.Темірбекова

**Мекеме**

161200, Түркістан облысы,
Түркістан қаласы
Аликен хан көшесі, 12

ИИК KZ626017291000007396
БИН 100940009363
БИК HSBKKZKX
«Қазақстан халық банкі» АҚ
____________ С.К.Оразбай

**Ғылыми-зерттеу жұмысының күнтізбелік жоспары**
**«_04_» ___10___ 20_24_ ж. күнгі келісім-шарт № 24/5238**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, мемлекеттік мекемесі
**Жоба тақырыбының атауы:** «Қожа Ахмет Иасауи энциклопедиясы»

| № | Іс-шара атауы | Іс-шараны өткізу мерзімдері | Орындаушылар | Зерттеуде пайдаланылатын технологиялар мен әдістер | Есеп беру нысаны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тақырыпқа қатысты отандық және шетелдік зерттеулерді жүйелеу, түрлі бағыттағы деректер қорын жинақтау және зерттеу | 01.10.2024 30.01.2025 | Д. Кенжетай М.Төлеген Ж.Нурматов Б.Сайфунов Н.Жаныкулов Ф.Камалова Қ.Қайнар Г.Шадинова М.Мырзабеков М.Исаев | Кеңес алу және талқылау | Зерттеу жұмысының күнтізбесін жасау |
| 2 | Қожа Ахмет Ясауи феноменіне қатысты сопылық тіркестер, топонимдер, тұлғалар, әдеби, фольклорлық, музыкалық жанрлар, діни ағымдық мектептер, мифтік, дүниетанымдық, болмыстық ұғымдар мен категориялардың тізбегін анықтау | 01.02.2025-30.12.2025 | Д. Кенжетай М.Төлеген Ж.Нурматов Б.Сайфунов Н.Жаныкулов Ф.Камалова Қ.Қайнар Г.Шадинова М.Мырзабеков М.Исаев | Ғылыми-зерттеу жобасына ақпараттық мәліметтер жинау. Тарихи, аналитикалық, философиялық герменевтика, контент-талдау, ислам рационализмі, ислам феноменологиясы секілді әдістерді қолдана отырып зерттеу жүргізу | Материалдар жинақтау және зерттеу жұмыстарын жүргізу. Ғылыми тақырып бойынша мақала жариялау |
| 3 | Қолжазбалар мен ортағасырлық трактаттардағы «хәл» іліміне қатысты кешенді ұғымдар, теориялар, тұжырымдамалар, ұстанымдар мен идеялардың дінге қатысты, сонымен қатар өркениетке, философияға тән қабаттарын жіктеу | 01.01.2026-30.06.2026 | Д. Кенжетай М.Төлеген Ж.Нурматов Б.Сайфунов Н.Жаныкулов Ф.Камалова Қ.Қайнар Г.Шадинова М.Мырзабеков М.Исаев | Тарихи, аналитикалық, философиялық герменевтика, контент-талдау, ислам рационализмі, ислам феноменологиясы секілді әдістерді қолдана отырып зерттеу жүргізу | Материалдар жинақтау және зерттеу жұмыстарын жүргізу. |
| 4 | Отандық және шетелдік кітапхана қорларындағы Қ.А.Ясауи феноменіне қатысты деректер, қолжазбалар, зерттеу жұмыстары каталогы мен көшірмелерін жинақтау | 01.07.2026-30.12.2026 | Д. Кенжетай М.Төлеген Ж.Нурматов Б.Сайфунов Н.Жаныкулов Ф.Камалова Қ.Қайнар Г.Шадинова М.Мырзабеков М.Исаев | Тарихи, аналитикалық, философиялық герменевтика, контент-талдау, ислам рационализмі, ислам феноменологиясы секілді әдістерді қолдана отырып зерттеу жүргізу | Материалдар жинақтау және зерттеу жұмыстарын жүргізу. Ғылыми тақырып бойынша мақала жариялау, оқулық шығару |
| 5 | «Қожа Ахмет Ясауи энциклопедиясына» дайындық үшін әлемдегі, отандық энциклопедиялық | 01.01.2027-30.06.2027 | Д. Кенжетай М.Төлеген Ж.Нурматов Б.Сайфунов Н.Жаныкулов | Тарихи, аналитикалық, философиялық герменевтика, контент-талдау, | Материалдар жинақтау және зерттеу жұмыстарын жүргізу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жинақтарды талдау, сараптау, салыстыру жұмыстарын ұйымдастыру | | Ф.Камалова<br>Қ.Қайнар<br>Г.Шадинова<br>М.Мырзабеков<br>М.Исаев | ислам рационализмі, ислам феноменологиясы секілді әдістерді колдана отырып зерттеу жүргізу | |
| 6 | Тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі мерзімдегі Түркістанның жаңа тарихын көрсету. Бірнеше ғасырдың саяси үдерісіндегі Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихының мәселелері талданған кешенді зерттеу жүргізу | 01.07.2027-31.12.2027 | Д. Кенжетай<br>М.Төлеген<br>Ж.Нурматов<br>Б.Сайфунов<br>Н.Жаныкулов<br>Ф.Камалова<br>Қ.Қайнар<br>Г.Шадинова<br>М.Мырзабеков<br>М.Исаев | Тарихи, аналитикалық, философиялық герменевтика, контент-талдау, ислам рационализмі, ислам феноменологиясы секілді әдістерді колдана отырып зерттеу жүргізу | Материалдар жинақтау және зерттеу жұмыстарын жүргізу. Ғылыми тақырып бойынша макала жариялау |
| 7 | Қожа Ахмет Ясауидің тарихи және рухани тұлғалығын жаңаша зерделеу үшін бүгінгі ғылыми таным салалары бойынша пәнаралық және тақырыптық жіктеу жасалып, біртұтас кешенді, салыстырмалы сараптау жұмыстарын жүргізу | 01.01.2028-31.12.2028 | Д. Кенжетай<br>М.Төлеген<br>Ж.Нурматов<br>Б.Сайфунов<br>Н.Жаныкулов<br>Ф.Камалова<br>Қ.Қайнар<br>Г.Шадинова<br>М.Мырзабеков<br>М.Исаев | Тарихи, аналитикалық, философиялық герменевтика, контент-талдау, ислам рационализмі, ислам феноменологиясы секілді әдістерді колдана отырып зерттеу жүргізу | |
| 8 | «Қожа Ахмет Ясауи энциклопедиясы» атты энциклопедия дайындау. | 01.01.2029-30.08.2029 | Д. Кенжетай<br>М.Төлеген<br>Ж.Нурматов<br>Б.Сайфунов<br>Н.Жаныкулов<br>Ф.Камалова<br>Қ.Қайнар<br>Г.Шадинова<br>М.Мырзабеков<br>М.Исаев | Тарихи, аналитикалық, философиялық герменевтика, контент-талдау, ислам рационализмі, ислам феноменологиясы секілді әдістерді колдана отырып зерттеу жүргізу | |
| 9 | Қорытынды есеп | 01.09.2029-31.12.2029 | Д. Кенжетай<br>М.Төлеген<br>Ж.Нурматов<br>Б.Сайфунов<br>Н.Жаныкулов<br>Ф.Камалова<br>Қ.Қайнар<br>Г.Шадинова<br>М.Мырзабеков<br>М.Исаев | Талқылау, қорытындылау | Алынған деректерді жүйелеу, ғылыми есеп беру |

**Университет**
161200, Түркістан облысы,
Түркістан қаласы
Б.Саттарханов даңғылы, 29

ИИК KZ4360100291000010707
БИК HSBKKZKX
Қазақстан Халық банкі АҚ
Кбе 16. БИН 990440008043
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-н
ректоры ____________ Ж.А.Темірбекова

**Мекеме**
161200, Түркістан облысы,
Түркістан қаласы
Аликен хан көшесі, 12

ИИК KZ626017291000007396
БИН 100940009363
БИК HSBKKZKX
«Қазақстан халық банкі» АҚ
____________ С.Қ.Оразбай